- бу қазанның қабырғасынан $q_5 = 0,4 \%$.

БКЗ-420-140 бу қазанына сырттан жылу келмегендіктен $Q_p^p = Q_{т}^ж$.

Қожпен кететін жылу шығыны

$$q_6 = a_{шл} \cdot (c_{шл}) \cdot A^p / Q_p^p = 0,05 \cdot 560,6 \cdot 38,7 / 16260 = 0,07 \%$$

Қож қатты түрде шығарылады: $a_{\text{шл}} = 0,05$; $t_{\text{шл}} = 600$ °С; $(c_{\text{шл}}) = 560,6$ кДж/кг.

Бу қазанының отын шығысы

$$B = (Q_{\text{ка}}/Q_{\text{р}}^{\text{р}} \cdot \eta_{\text{ка}}) \cdot 100 = (416820/16260 \cdot 92,9) \cdot 100 = 27,6 \text{ кг/с} = 99,4 \text{ т/сағ}$$

мұндағы бу қазанының пайдалы жылу мөлшері

$$\begin{aligned} Q_{\text{ка}} &= D_{\text{пе}} \cdot (h_{\text{пе}} - h_{\text{пв}}) + D_{\text{пр}} \cdot (h_{\text{кв}} - h_{\text{пв}}) = \\ &= 166,67 \cdot (3460 - 966) + 1,75 \cdot (1620 - 966) = 416820 \text{ кВт} \end{aligned}$$

мұнда су мен будың көрсеткіштері [6] :

$$h_{\text{пе}} = 3470 \text{ кДж/кг егер } P_{\text{пе}} = 14 \text{ МПа, } t_{\text{пе}} = 555 \text{ °С;}$$

$$h_{\text{пв}} = 966 \text{ кДж/кг егер } t_{\text{пв}} = 230 \text{ °С;}$$

$$P_{\text{кв}} = 15,4 \text{ МПа кезінде } h_{\text{кв}} = 1620 \text{ кДж/кг.}$$


Бу шығысы: қыздырылған бу $D_{\text{пе}} = 420$ т/ч = 166,67 кг/с,
Барабанның шығысы $D_{\text{пр}} = p \cdot D_{\text{пе}} = 0,015 \cdot 166,67 = 1,75$ кг/с,

Бу қазандағы отын шығысының есепке алынатын мөлшері

$$B_{\text{р}} = B \cdot (100 - q_4)/100 = 99,4 \cdot (100 - 1,5)/100 = 97,9 \text{ т/сағ} .$$

1.5 Отын тағайындайтын және тасымалдау сұлбалары мен жабдықтары. Отын ұнтақтау жүйелері

Көмірмен істейтін электростанцияларда, станцияға келетін темір жолдары, вагондарды саптайтын тораптары, отын қабылдайтын бөлімі, көмірді қабылдаған жерден қоймаларға тасымалдайтын механизмдері болады,



1-вагон аударғыштар; 2-диірмен корпусы; 3-отынды аударып төгу торабы; 4-көмір қоймасы; 5-көмір қабылдағыш траншея; 6- көпірлі көмір тиегіш қран; 7-темір жол; 8-жер астындағы көмір бункері

7 сурет - Отын тағайындайтын және тасымалдайтын жүйе

Бу қазанына жеткізу жабдықтары ұнтақтағыштар, тасымалдауыштар, металл ұстайтын механизм, көмірді қоректі бункерге түсіретін механизм т.б.

Көмір тасымалдайтын вагондардың 60, 90, және 125 т түрлері болады.

Қоймадан немесе көмір түсірілетін жерден тасымалдайтын тасымалдаушының үнемділігі станцияның барлық бу қазандарының қажетті көлемін бір тасымалдаушы жүйемен қамтамасыз ету керек. Отын тағайындайтын сұлба 7-ші суретте көрсетілген.

1.5.1 Қойманың көлемі

$$V = 24 \cdot B \cdot n \cdot t = 24 \cdot 99,4 \cdot 5 \cdot 30 = 286272 \text{ т}$$

мұнда $B = 99,4 \text{ т/сағ}$; Бу қазанының саны $n = 5$;

$t = 30 \text{ күн}$ - қоймадағы көмірдің қоры.

5.2 Көмір қоймасының ауданы

$$F = V/k \cdot h \cdot \gamma_y = 286272/0,9 \cdot 20 \cdot 1 = 15904 \text{ м}^2$$

мұнда $h = 20$ м - штабельдің биіктігі

$k = 0,9$ т/м - штабель формасының коэффициенті

$\gamma = 1$ - көмірдің үзіндік салмағы.

Вагон аударғыштың түрін таңдау

Вагон аударғыштар негізінде роторлы түрде қолданылады, өнімділігі 400- 600 т/сағ, отын тұтынатын станцияларда бір вагон аударғыш орнатылады.

Вагон аударғыштың астындағы бункердің сыйымдылығы кем дегенде 1,5-2 вагон.

ЖЭО-тағы отынның шығысы сағатына 497 т/сағ.

Сондықтан, ВРС-125 вагон аударғышын таңдаймыз.

ВРС-125 вагон аударғыштың сипаттамасы.

Бір сағаттағы циклдың саны 25

Үнемділігі т/сағ:

жартылай ашық вагонның жүк көтеру мүмкіндігіне қарай:

125 т	3625 т/сағ
93 т	2325 т/сағ
60 т	1500 т/сағ

Бұрылу бұрышының, градусы 170

Ротордың айналу жиілігі 1,38

Қоймаларда негізгі механизмдер ретінде тоқтаусыз жұмыс істейтін көпірлі тиегіш және скреперлы машиналар, бульдозерлер пайдаланылады, өнімділік көрсеткіші 600 т/сағ. Бұл машиналар ЖЭС қоймасында кешенді механикаландырылған, яғни көмірді штабельдеу және штабельде қойманың басқа жеріне тасымалдау. Бұл көпірлі кранды тиегіш және скреперлік механизмдер тек бульдозер болғанына қарағанда қарапайым жұмыстарды атқарады. Отын шаруашылықтарында өнімділігі сағатына 400 тонналық үгіту машиналары пайдаланылады, 7-сурет.

Ленталық тасымалдауышты есептеу

Негізгі тасымалдауыштың лентасының енін анықтау

$$b_p = \sqrt{\frac{Q_c}{w \cdot \gamma \cdot k_\phi \cdot k_\beta}} = \sqrt{\frac{438,4}{2 \cdot 1 \cdot 355 \cdot 1}} = 0,8 \text{ м}$$

Отын беретін тасымалдауыштың 1 сағаттық өндірулігі

$$B_{ст} = Q_c = 1,1 \cdot B \cdot n = 1,1 \cdot 99,4 \cdot 4 = 438,4 \text{ т/сағ}$$

Жылдамдығы $w = 2 \text{ м/с}$

Отынның салу салмағы $\gamma = 1,0 \text{ т/м}^3$

конвейердың бүйір роликтерінің бұрылу бұрышын есептейтін коэффициент $k_\phi = 355$, егер $\phi = 30^\circ$; $k_\beta = 1$.

Нақты лентаның ені:

$$b = b_p + 0,3 = 0,8 + 0,3 = 1,1 \text{ м};$$

Лентаның нақты жылдамдығы $w = 2,0 \text{ м/с}$

Ленталы конвейердің КЛС-1200 екі жібін аламыз, лентаның кеңдігі 1200 мм, приводтық барабанның диаметрі 985 мм.

Ұнтақтау құрылымының өнімі

$$B_{др} = [B_{ст} - (\eta_{гр} \cdot B_{мел}/100)]/Z_{др} = [438,4 - (80 \cdot 219,2/100)]/2 = 132 \text{ т/сағ}$$

мұнда шудың түріне қарап ПЭК-ті $\eta_{гр} = 80\%$

Отынды ұсақтау мөлшері: $B_{мел} = 0,5 \cdot 438,4 = 219,2 \text{ т/сағ}$

Бір мезгілде жұмыс істейтін диірменнің саны $Z_{др} = 2$

Диірменнің сипаттамасы М-13х168

өндірулігі т/сағ150

Ротордың өлшемі, мм

Диаметрі1300

ұзындығы1400

Ротордың айналу жиілігі, айн/мин 750

Электрқозғалтқыштың қуаты, кВт1300

Салмағы, т12,8

Қарағанды көмірінің тозаң дайындау жүйесінің сұлбасын таңдау


Қарағанды көмірінің сипаттамасына қарап:

$$V^r = 30 \% \text{ және } K_{ло} = 1,3 \quad [7], \text{ кесте 1.3.}$$

Келісім бойынша біліктік диірменді қабылдаймыз, яғни тура үрлегіш тозаң дайындау жүйесін таңдаймыз, 4-ші сурет.

Тура үрлегіш тозаң дайындау жүйесінде дайын тозаң бункері болмайды. Дайындалған тозаң тіке бу қазанының оттықтарына жіберіледі. Көмір ең бірінші қазан бөліміндегі көмір қабылдайтын бункерге тиеледі – БСУ.

8-ші суреттегі сұлба бойынша БСУ-дан көмір қамтамасызеткіш арқылы диірменге келіп түсетіні және ұсатылғаннан кейін сепаратор арқылы бу қазанының жану бөлігіндегі оттықтарына түсетіндігі көрінеді. Көмір тозаң ының кептірілуі және тасмалдануы ыстық ауа арқылы жүзеге асырылады. Ыстық ауа, бу қазанының ауа жылытқышынан үрлегіш желдеткіш арқылы келеді. Егер ыстық ауа температурасы жоғарылап кетсе, оған салқындатқыш ауа енгізіледі.



1-өңделмеген көмірдің шанағы, (БСУ); 2-шибер; 3-көмір қамтамасыз еткіш; 4- өңделмеген көмірдің ағысы; 5-жапқыш; 6-көмір құрғатқыш; 7- диірмен; 8-тозаң сепараторы; 9-тығыздағыш салқын ауа; 10-жылдам жабылатын шибер; 11-қосымша салқын ауаның ашқышы; 12- ыстық ауа құбыры; 13- ыстық ауа қорабы; 14- оттық; 15-салқын ауа құбыры; 16-бу қазан қондырғысы; 17- ауа жылытқыш; 18-үрлейтін желдеткіш

4 сурет - Көмірді ұнтақтап тозаң дайындағыш жүйесінің кестесі

Тозаң жүйесінің жабдықтарын таңдау және есептеу.

Өңделмеген көмірдің бункері.

Бұл бункерлердің көлемі тас көмірін тұтынғанда аумағы 8 сағаттық тоқтаусыз жұмыс істеуге жететін болуы тиіс. Бункердің көлемі

$$V_6 = B_p \cdot m / \psi_6 \cdot \gamma \cdot Z_6 = 99,4 \cdot 4 / 0,8 \cdot 1 \cdot 2 = 248 \text{ м}^3$$

Мұнда $\psi_6 = 0,8$ - бункердің толысу коэффициенті.

$\gamma = 1 \text{ кг/м}^3$ - көмірдің өзіндік салмағы.

$Z_6 = 2$ - бір бу қазанына орнатылатын бункерлер саны.

Тиімді сыйымдылығы 250 м^3 болатын 2 - бункер аламыз.

Диірменнің өндірулігіне қарай түрін таңдау.

Тура үрлеуші тозаң дайындағыштың кестесі үшін, [1] бойынша

$$B_m = B_p / (Z_m - 1) = 99,4 / (6 - 1) = 19,88 \text{ т/сағ.}$$

$B_p = 99,4 \text{ т/сағ}$ отынның есптелген шығыны;

$Z_m = 6$ диірменнің орнатылған саны.

Орнатуға 6 - түрі МВС-180 білікті диірмен таңдап аламыз.

Өнімділігі 25 т/сағ , кептіру агентінің шығыны $20000 \text{ м}^3/\text{сағ}$,

электр қуаты $P_{\text{ном}} = 320 \text{ кВт}$.

Диірменмен бірге инерциялық сепараторды таңдаймыз.

Сепаратордың диаметрі диірмен роторының диаметріне тең.

$$D_c = D_p = 180 \text{ см.}$$

Сепаратордың биіктігі

$$H = 90 \cdot D_p = 90 \cdot 180 = 16200 \text{ мм.}$$

Өңделмеген көмірді қоректендіру

Көмірді қоректендірушінің өнімділігі диірмен өнімділігінің 110% қорымен алынады

$$B_{\text{пит}} = 1,1 \cdot B_m = 1,1 \cdot 25 = 27,5 \text{ т/сағ.}$$

СПУ-1100 типті көмір қоректендіруші таңдап орнатамыз.

Өнімділігі $30-40 \text{ т/сағ}$.

ЖЭС -нің оталдыратын мазуттық шаруашылығы


ЖЭС жобалау норма бойынша [1], 4.2.2. пунктiне сәйкес қатты отынмен жұмыс iстейтiн станциялар үшiн оталдыратын мазуттық шаруашылық салынады, 5-шi сурет.

Оталдыратын мазуттық шаруашылықтың қабылдағыш резервуардың сиымдылығы 120 м^3 , [1], п.4.2.7.

Қоймадағы резервуарлардың сиымдылығы [1], п.2.4.28.

$$V = 1000 \text{ м}^3$$

Қоймадағы резервуардың саны $n = 3$.



- 1 – темір жол цистернасы; 2–мазут құятын лоток;
- 3–мазут қабылдау резервуары; 4–негізгі резервуар;
- 5– мазут сорғысы 1-ші саты; 6 – мазут сорғысы 2-ші саты;
- 7– рециркуляция сорғысы; 8 – мазут жылытқышы;
- 9 – батырмалы сорғы; 10 –мазут тазалағыш фильтры

5 сурет - Тұтандыру мазут шаруашылығының сұлбасы

1.6 Жылу сұлбасының көмекші жабдықтарын таңдау

1.6.1 Бу қазанының үрлеуден болатын су шығынын қабылдағыш кеңейткішін ҮҮБ таңдау

Норма бойынша үрлеу мөлшері 1,0 % бу қазанның өнімділігінен

Үрлеу суының шығыны

$$D_{\text{пр}} = (p_{\text{пр}}/100) \cdot D_{\text{ка}} = (1,0/100) \cdot 1680 = 16,8 \text{ т/сағ},$$

мұнда бу қазандардың өнімділігі $D_{\text{ка}} = 1680 \text{ т/сағ}$;

үрлеу мөлшері $p_{\text{пр}} = 1,0 \%$.

Үрлеуден болатын су шығынын қабылдағыш кеңіткіш ҮҮБ-ның сепарация коэффициенті

$$\alpha_{\text{ҮҮБ}} = (h_{\text{кв}} \cdot \eta_{\text{ҮҮБ}} - h'_{\text{р1}}) / (h''_{\text{р1}} - h'_{\text{р1}}) = (1620 \cdot 0,98 - 467,2) / (2693 - 467,2) = 0,5;$$

мұнда ҮҮБ қысымы $P_{\text{ҮҮБ}} = 0,15 \text{ МПа}$; бу мен су көрсеткіштері

$h''_{\text{р1}} = 2693 \text{ кДж/кг}$; $h'_{\text{р1}} = 467,2 \text{ кДж/кг}$;

Барабандағы қазандық суының энтальпиясы $h_{\text{кв}} = 1620 \text{ кДж/кг}$;

ҮҮБ-дан шыққан бу мөлшері

$$D_{\text{р}} = \alpha_{\text{ҮҮБ}} \cdot D_{\text{пр}} = 0,5 \cdot 16,8 \cdot 10^3 = 8400 \text{ кг/сағ},$$

ҮҮБ-дан шыққан бу көлемі

$$V_1 = D_{\text{р}} \cdot v'' = 8400 \cdot 1,16 = 9744 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

ҮҮБ-ның қажетті көлемі

$$V_{\text{ҮҮБ}} = V_1 / H = 9744 / 1000 = 9,744 \text{ м}^3;$$

ЖЭО-да екі ҮҮБ түрі СП-5,5 орнатамыз.

Толық көлемдерімен

$$V_{\text{ҮҮБ}} = 2 \times 5,5 = 11 \text{ м}^3,$$

бұл жылулық сұлба дұрыс жұмыс атқарады.

Жылулық сұлбаның бу турбинамен бірге қамтамасыз етілетін жабдықтары

Бу турбинаның регенеративті су жылытқыштары турбинаның бу алымдарының санына байланысты. Сондықтан регенеративті су жылытқыштар турбинамен бірге зауыттан келеді.

Регенеративті су жылытқыштар резервуарсыз орнатылады [1].

T-100-130 бу турбинасының жаңғыртулы су қыздырғыштары:

ЖҚҚ-7	ПВ-425-230-35М
ЖҚҚ-6	ПВ-425-230-23М
ЖҚҚ-5	ПВ-425-230-13М
ТҚҚ-4	ПН-250-16-7-IV
ТҚҚ-3	ПН-250-16-7-IV
ТҚҚ-2	ПН-250-16-7-IV
ТҚҚ-1	ПН-250-16-7-III
Сальник жылытқышы	ПН-100-16-4Ш

Конденсатор қондырғысы:

Конденсатор	КГ2-6200-2
Конденсатты сорғы	КС-500-150 3 дана
Эжектор негізгі	ЭП-3-2 2 дана
Эжектор тұтандырғыш	ЭП-1-1100-1
Эжектор тығыздағыштардың	ХЭ-90-550

Газсыздандырғышты таңдау

БКЗ-420-140 бу қазанының қоректендіргіш суының шығысы

$$D_{пв} = (1 + \alpha + \beta) \cdot D_{ка} = (1 + 0,01 + 0,02) \cdot 420 = 433 \text{ т/сағ};$$

мұнда α , β – қоректендіру судың үрлеу және өз мұқтажына кететін шығыны;

$D_{ка}$ – бу қазанының өндірулігі.

Газсыздандырғыш багының көлемі

$$V_{бдп} = \tau^{\text{мин}} \cdot \nu \cdot D_{пв} / 60 = 7 \cdot 1,1 \cdot 433 / 60 = 55,6 \text{ м}^3;$$

мұнда $\tau^{\text{мин}} = 7$ мин – бактағы су қоры; $\nu = 1,1 \text{ м}^3/\text{т}$ – меншікті су көлемі.

МемСТ-пен таңдаймыз:

түрі ДП-500 газсыздандырғышы,

бак түрі БДП-65 көлемі 65 м³,
газсыздандырғыш колонкасының өнімділігі 500 т/сағ.
Бұлар жылу сұлбасының сенімді және өнімді жұмыс атқаруына себеп болады.

Қоректендіру сорғыларын таңдау

Норма [1] бойынша, ЖЭО-та егер бір қоректендіргіш сорғы істен шықса, қалғандары барлық бу қазандарды қоректендіруге өндірулігі жетуі қажет. Резервтік қоректендіргіш сорғы орнатылмайды, бірақ ол қоймада болуы қажет. Қоректендіру су мөлшерімен қоректендіргіш сорғы түрін таңдаймыз

$$Q_{\text{пн}} = v \cdot D_{\text{пв}} = 1,1 \cdot 433 = 476 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

мұнда $D_{\text{пв}} = 433 \text{ т/сағ}$ – қоректендіргіш судың мөлшері;
 $v = 1,1 \text{ м}^3/\text{т}$ – судың меншікті көлемі, егер температурасы $t_{\text{кв}} = 230 \text{ }^\circ\text{C}$.
Жылулық сұлба есебінен қоректік судың қысымы 17,5 МПа болуы қажет.

ЖЭО-та түрі ПЭ-580-185 төрт сорғы орнатамыз.

ПЭ-580-185 сорғысының сипаттамасы

Өнімділігі, м ³ /сағ	580
Қысымы, МПа (м)	18,1 (2030)
Сорғы қозғалтқышының қуаты, кВт	3650
Сорғы ПӘК-і, %	80
Өндіруші зауыт	ПО "Сорғыэнергомаш", Сумы қаласы.

Осы орнатылған төрт сорғы ЖЭО-тың жұмысының барлық жұмыс тәртібі кезінде ыңғайлы.

Жылу жүйесінің су сорғыларын таңдау

Жылу жүйесіндегі судың шығысы

$$G_{\text{св}} = 3,6 \cdot Q_{\text{ЖЭО}} / C_{\text{в}} \cdot (t_{\text{пм}} - t_{\text{ом}}) = 3,6 \cdot 840,8 \cdot 10^3 / 4,19 \cdot (150 - 70) = 9025 \text{ т/сағ}$$

мұнда $Q_{\text{ЖЭО}} = 840,8 \cdot 10^3 \text{ кВт}$ – ЖЭО-тың жылуландыруға кететін толық жүктемесі;

Жылулық желінің температуралық графигі бойынша:

тік жылу магистральдағы судың температурасы $t_{\text{пм}} = 150 \text{ }^\circ\text{C}$,
кері жылу магистральдағы судың температурасы $t_{\text{ом}} = 70 \text{ }^\circ\text{C}$.

Стандарт бойынша ЖЭО-та жылу жүйесіне сорғылар таңдаймыз:

Кірісіндегі І сатылы сорғылар түрі СЭ-5000-70-6 үш дана, екі жұмысшы, бір резерв.

Шығысында ІІ сатылы сорғылар түрі СЭ-5000-160 үш дана, екі жұмысшы, бір резерв.

Сорғылардың сипаттамалары

	СЭ-5000-70-6	СЭ-5000-160
Өнімділігі, м ³ /сағ	5000	5000
Қысымы, м	70	160
Айналу жылдамдылығы, 1/с	25	50
Қуаты, кВт	1035	2370
ПӘК-ті, %	87	87

1.7 Негізгі бу және сумен қамтамасыз ететін құбырларды таңдау

Негізгі бу және сумен қамтамасыз ететін құбырларының сұлбалық көрінісі жылулық сұлбада көрсетілген.

1.7.1 Қыздырылған бу құбырлары

Қыздырылған бу құбырларының ішкі диаметрі

$$D_{\text{вн}} = \sqrt{0,354 \cdot \frac{D \cdot v}{w \cdot n}} = \sqrt{0,354 \cdot \frac{485 \cdot 0,0245}{60 \cdot 1}} = 0,265 \text{ м};$$

мұнда $D_{\text{ка}} = 485$ т/сағ – турбинаға ең жоғары бу шығысы;

$v = 0,0245$ м³/кг – будың меншікті көлемі;

$w = 60$ м/с – бу құбырындағы будың жылдамдылығы;

$n = 1$ – бу құбырлар саны.

Стандарт бойынша Ст. 15X1M1Ф болаттан жасалған, ішкі диаметрі

$D_{\text{іш}} = 287$ мм құбырды таңдаймыз, $D_y = 300$ мм;

Сыртқы диаметры мен қабырға қалыңдығы $D \times S = 377 \times 45$ мм,

Техникалық шарт бойынша ТУ 14-3-460-95

1.7.2 Бу қазанды қоректендіру құбырларын таңдау

Бу қазанды қоректендіру құбырларының ішкі диаметрі

$$D_{\text{вн}} = \sqrt{0,354 \cdot \frac{D \cdot v}{w \cdot n}} = \sqrt{0,354 \cdot \frac{433 \cdot 0,0012}{6 \cdot 1}} = 0,175 \text{ м};$$

мұнда $D = 433$ т/сағ – бу қазанның қоректендіру су мөлшері;
 $v = 0,0012$ м³/кг – судың меншікті көлемі;
 $w = 6$ м/с – құбыр ішіндегі су жылдамдылығы;
 $n = 1$ – құбырлар саны.

Стандарт бойынша Ст. 15ГС болаттан жасалған, ішкі диаметры
 $D_{вн} = 187$ мм құбырды таңдаймыз, $D_y = 175$ мм;
Сыртқы диаметры мен қабырға қалыңдығы $D \times S = 219 \times 16$ мм,
Техникалық шарт бойынша ТУ 14-3-460-95.

1.8 ЖЭО-ны техникалық сумен қамтамасыздандыру сұлбасы

Тапсырмаға сәйкес дипломдық жоба Өскемен қаласында орналасатын болады, осыған сәйкес станцияның сумен қамтамасыз етілу көзі Ертіс өзені болып табылады.

Қарастырылып отырған жобада жабық жылу желілері қабылданған, сондықтан жылулық желілерді қоректендіру үшін су дайындау әдістерін пайдаланамыз. Жылулық желілерді қоректендіруге арналған су жер асты көздерінен пайдаланылады.

Электрстанциядағы салқындатқыш айналым су шығысының есебі

Салқындатқыш су шығысы жылу электрстанциясындағы барлық су қосындысынан шығады. Салқындатқыш су қосылымы турбина конденсаторы, газ салқындатқышы, май салқындатқышы, қосалқы айналымды жабдықтар подшипниктерінің салқындатқышы және су шығынын толтыратын керекті су мөлшерлерінен шығады.

Турбиналар конденсаторына керекті су шығысы

$$D_{об} = n_T \cdot D_{об}^T = 4 \cdot 16000 = 64000 \text{ м}^3/\text{сағ} ;$$

мұнда Т-100-130 бу турбиналарының конденсаторларына баратын су мөлшері, [4], с.371

$$D_{об}^T = 16000 \text{ м}^3/\text{сағ} ,$$

Электрстанциясындағы турбина сандары $n_T = 4$.

Газ салқындатқыштарына баратын су көлемі

$$D_{го} = 0,03 \cdot D_{об} = 0,03 \cdot 64000 = 1920 \text{ м}^3/\text{сағ} ;$$

Май салқындатқыштарына баратын су көлемі

$$D_{\text{MO}} = 0,02 \cdot D_{\text{OB}} = 0,02 \cdot 64000 = 1280 \text{ м}^3/\text{сағ} ;$$

Қосалқы айналымды жабдықтар подшипниктерінің салқындатқыштарына баратын су көлемі

$$D_{\text{ПВО}} = 0,003 \cdot D_{\text{OB}} = 0,003 \cdot 64000 = 180 \text{ м}^3/\text{сағ} ;$$

Су шығынын толтыратын керекті су молшерлері

$$D_{\text{ДВ}} = 0,0004 \cdot D_{\text{OB}} = 0,0004 \cdot 64000 = 24 \text{ м}^3/\text{сағ} ;$$

Суммарный расход охлаждающей воды по станции в целом

$$\begin{aligned} G_{\text{OB}}^{\text{CT}} &= D_{\text{OB}} + D_{\text{ГО}} + D_{\text{МО}} + D_{\text{ПВО}} + D_{\text{ДВ}} = \\ &= 64000 + 1920 + 1280 + 180 + 24 = 67000 \text{ м}^3/\text{сағ} ; \end{aligned}$$

Су салқындатқыш градирнясын таңдау

Градирняның суды шашыратып салқындатқыш ауданы

$$F_{\text{ГР}} = G_{\text{OB}}^{\text{CT}} / g_{\text{Г}} = 67000 / 7 = 9560 \text{ м}^2 ;$$

мұнда градирняның су шашыратуының тығыздығы $g_{\text{Г}} = 7 \text{ м}^3/(\text{м}^2 \cdot \text{ч})$;

Су шашыратып салқындатқыш ауданы арқылы градирня түрін және санын анықтаймыз

Түрі БГ-3200-73, саны 3, су шашырату ауданы $F_{\text{ГР}} = 3 \cdot 3200 = 9600 \text{ м}^2$.

Айналым сорғыларын таңдау

Айналым сорғытары айналым су шығысына және су қысымына байланысты алынады

Айналым су шығысы

$$G_{\text{OB}}^{\text{CT}} = 67000 \text{ м}^3/\text{сағ} ;$$

Айналым су қысымы

$$H = \Delta H_{\text{конд}} + \Delta H_{\text{тр}} = 4 + 10 = 14 \text{ м.вод.ст.}$$

мұнда конденсатордағы су құламасы $\Delta H_{\text{конд}} = 4 \text{ м.вод.ст.}$

құбырлардағы су құламасы $\Delta H_{\text{тр}} = 10 \text{ м.вод.ст.}$

Орнатуға түрі ОПВ 10 – 145 Э үш сорғы қабылдаймыз, арасында

Үш жұмысшы сорғы, бір қор сорғыы.

Түрі ОПВ 10 – 145 Э сорғышының сипаттамасы

Шығысы	24120 м ³ /сағ
Қысымы	18 м.вод.ст.
Айналым жылдамдылығы	365 айн./мин
Тұтынатын қуаты	1300 кВт

1.9 Үріп сорғыш машиналарын таңдау

1.9.1 Ауа үргіш желдеткіштерін таңдау

Желдеткіштен өтетін ауа көлемі

$$V_{\text{хв}} = B_p \cdot V_{\text{в}}^0 \cdot (\alpha_{\text{т}} - \Delta\alpha_{\text{т}} - \Delta\alpha_{\text{пл}} - \Delta\alpha_{\text{вп}}) \cdot (t_{\text{хв}} + 273) / 273 = \\ = 97,9 \cdot 10^3 \cdot 4,32 \cdot (1,2 - 0,05 - 0,04 + 0,03) \cdot (30 + 273) / 273 = 535120 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

мұнда отын шығысы $B_p = 97,9 \cdot 10^3$ кг/сағ.

Орнатуға екі желдеткіш таңдаймыз.

Бір желдеткіштің өнімділігі:

$$Q_{\text{всн}} = 1,1 \cdot V_{\text{хв}} / 2 = 1,1 \cdot 535120 / 2 = 267560 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

Желдеткіш қысымы

$$H_{\text{в}} = 1,15 \cdot \Delta H_{\text{п}} = 1,15 \cdot 3,2 = 3,68 \text{ кПа}$$

мұнда ауа жүйесіндегі қысым шығыны $\Delta H_{\text{п}} = 3,2$ кПа ,

Орнатылатын желдеткіш түрі ВДН-26х2

Өнімділігі	350000 м ³ /сағ
Қысымы	4,61 кПа
Айналым жылдамдылығы	740 об/мин
Қуаты	520 кВт

Түтін сорғыш таңдау

Түтін сорғыштан өтетін газ көлемі

$$V_{\text{дым}} = B_p \cdot \{V_{\text{г}}^0 + [(\alpha_{\text{ух}} - \Delta\alpha) - 1] \cdot V_{\text{в}}^0\} \cdot (v_{\text{дг}} + 273) / 273 = \\ = 97,9 \cdot 10^3 \cdot \{4,7 + [(1,28 - 0,1) - 1] \cdot 4,32\} \cdot (120 + 273) / 273 = 772000 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

мұнда газ температурасы $v_{\text{дг}} = v_{\text{ух}} - 10 = 130 - 10 = 120$ °С.

Бір бу қазанға екі түтінсорғыр орнатамыз.

Түтін сорғыш өнімділігі:

$$Q_{\text{дс}} = 1,1 \cdot V_{\text{дым}} / 2 = 1,1 \cdot 772000 / 2 = 424580 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

Түтін сорғыш қысымы

$$H_{дс} = 1,15 \cdot \Delta H_c = 1,15 \cdot 3,0 = 3,45 \text{ кПа}$$

мұнда газ жүйесіндегі қысым шығыны $\Delta H_c = 3,0 \text{ кПа}$,

Орнатуға екі түтін сорғыш түрі ДН-26x2 таңдаймыз

Өнімділігі 477000 м³/сағ

Қысымы 4,52 кПа

Айналым жылдамдылығы 750 об/мин

Қуаты 449 кВт

Түтін-газ шығаратын мұржаны есептеп таңдау!

Жобалаған ЖЭС-та бір мұржа орнатылады, бу қазанға бір мұржа.

Мұржаның ең кіші биіктігі

$$H = \sqrt{A \cdot M \cdot F \cdot \eta \cdot m \cdot n / \text{ПДК} \cdot \sqrt{N / V_r \cdot \Delta T}} =$$

$$\sqrt{200 \cdot 1963 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 0,98 \cdot 1 / 0,5 \cdot \sqrt{1 / 857,6 \cdot 100}} = 132 \text{ м}$$

ауа райының коэффициенті $A = 200$;

басқа коэффициентер:

- төмен түсу $F = 1$;

- ортаның рельефі $\eta = 1$;

- коэффициент $n = 1$ егер $v_m > 2$

$$v_m = 0,65 \cdot \sqrt{V_r \cdot \Delta T / H} = 0,65 \cdot \sqrt{857,6 \cdot 100 / 150} = 5,4$$

Бір мұржаға түтін шығысы $V_r = n \cdot V_{дым} = 4 \cdot 214,4 = 857,6 \text{ м}^3/\text{с}$

мұнда $V_{дым} = 772000 \text{ м}^3/\text{ч} = 214,4 \text{ м}^3/\text{с}$;

Ауа мен газ температураларының айырмашылығы

$$\Delta T = v_{дг} - t_{хв} = 130 - 30 = 100 \text{ }^\circ\text{C} ;$$

Коэффициент $m = 0,98$ коэффициент f пен байланысты:

$$f = 1000 \cdot w_o^2 \cdot D_y / H^2 \cdot \Delta T = 1000 \cdot 30^2 \cdot 7,2 / 150^2 \cdot 100 = 0,54$$

мұнда мұржаның шығыс диаметрі $D_y = \sqrt{4 \cdot V_r / \pi \cdot w_o} = \sqrt{4 \cdot 857,6 / 3,14 \cdot 30} = 6,0 \text{ м}$,

стандарт бойынша диаметрін 6,4 м аламыз;

коэффициент m :

$$m = 1 / (0,67 + 0,1 \cdot \sqrt{f} + 0,34 \cdot \sqrt[3]{f}) = 1 / (0,67 + 0,1 \cdot \sqrt{0,54} + 0,34 \cdot \sqrt[3]{0,54}) = 0,98 ;$$

Зиян заттар шығысы

$$M = M_{\text{SO}_2} + 5,88 \cdot M_{\text{NO}_2} = 1680 + 5,88 \cdot 48,2 = 1963 \text{ г/с} ;$$

Мұнда күкірт шығысы:

$$M_{SO_2} = 2000 \cdot (S^p/100) \cdot V_{сек} \cdot (1 - \eta'_{SO_2}) \cdot (1 - \eta''_{SO_2}) =$$

$$= 2000 \cdot (0,8/100) \cdot 109 \cdot (1 - 0,02) \cdot (1 - 0,015) = 1680 \text{ г/с ;}$$

төрт қазанға отын шығысы

$$V_{сек} = n \cdot V/3600 = 4 \cdot 97900/3600 = 109 \text{ кг/с ;}$$

Азот шығысы $M_{NO_2} = 0,034 \cdot \beta_1 \cdot k \cdot V_{сек} \cdot Q_p (1 - q_4/100) =$

$$= 0,034 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 109 \cdot 16,26 \cdot (1 - 1/100) = 48,2 \text{ г/с ;}$$

Стандартпен биіктігі $H = 150$ м диаметры $D_y = 6,4$ м мұржа таңдаймыз.

1.10 Күл ұстағыш және күлді аластауыш кестесін және жабдықтарын таңдау

1.10.1 Күл ұстау жүйесінің жабдықтарын таңдау

Қарағанды көмірін жағатын ЖЭС-үшін күл ұстауына электрлі фильтр қолданамыз.

Электрлік сүзгілерді таңдау.

Электрлі фильтрдің газ өтетін қиылыс ауданы

$$F = V_{др}/n \cdot w = 214,4/2 \cdot 1,5 = 71,5 \text{ м}^2$$

мұнда $V_{др} = 772 \cdot 10^3 \text{ м}^3/\text{сағ} = 214,4 \text{ м}^3/\text{с}$


$n = 2$ -күл өстағыштар саны.

$W = 1,5 \text{ м/с}$ – газ жылдамдығы.

Басы ЭГА1-30-9-6, көлденең қимасы $73,4 \text{ м}^2$ болатын электрлік сүзгіні таңдаймыз.

Күл-қож жүйесін таңдау

ЖЭС-да күл мен қож гидравликалық әдіс бойынша шығарылатындықтан оған багерлік сорғылар қажет. 420 т/сағ бу беретін 5 бу қазанына бір багерлік сорғы керек. Оның кестесі 9-суретте көрсетілген.



1-қож шығару қондырғы; 2-күл-қож аластағыш арна; 3-су жіберу торабы; 4- күл ұстағыштың бункері; 5-багер сорғы; 6-пульпа құбыры; 7- қож дирмені; 8-металл ұстағыш; 9-багер сорғы бөлмесі; 10-күл қоймасы

9 сурет - Күл-қож аластатыратын жүйесінің сұлбасы

Қож пен күлдің шығуын есептеу

Қождың шығыны

$$G_{\text{шл}} = 0,01 \cdot n \cdot B \cdot (A^p + q_4 \cdot Q_n^p / 32,68) \cdot (1 - a_{\text{ун}}) = \\ = 0,01 \cdot 5 \cdot 99,4 \cdot (38,7 + 1,0 \cdot 16,26 / 32,68) \cdot (1 - 0,95) = 9,7 \text{ т/сағ}$$

мұндағы $A^p = 38,7\%$ отынның құрамындағы күл;

$n = 5$, багерлі сорғыға келетін бу қазандары.

$B = 99,4$ т/сағ бу қазанның отын шығын мөлшері.

$q_4 = 1,0\%$ отынның механикалық жөнді ұнтақталмағаны үшін жылудың жоғалу мөлшері.

$Q_n^p = 16260$ кДж/кг отынның жылу шығару қабілеттілігі.

$a_{\text{ун}} = 0,95$ күлдің газдар арқылы шығарылуы.

Күлдің шығыны:

$$G_3 = 0,01 \cdot n \cdot B \cdot (A^p + q_4 \cdot Q_n^p / 32,68) \cdot a_{\text{ун}} \cdot \eta_{\text{бу}} = \\ = 0,01 \cdot 5 \cdot 99,4 \cdot (38,7 + 1,0 \cdot 16,26 / 32,68) \cdot 0,95 \cdot 0,99 = 183,2 \text{ т/сағ}$$

Багерлік сорғытарды таңдау.

Пульпаның шығыны:

$$Q_n = g_b \cdot (G_{\text{шл}} + G_3) + G_{\text{шл}} / \rho_{\text{шл}} + G_3 / \rho_3 = \\ = 12 \cdot (9,7 + 183,2) + 9,7 / 2,8 + 183,2 / 2,4 = 2394,6 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Сорғылардың есептік өнімділігі:

$$Q_{\Pi}^p = 1,1 \cdot Q_{\Pi} = 1,1 \cdot 2394,6 = 2634 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

мұнда $g_b = 12 \text{ м}^3/\text{т}$ - 1т қож пен күлге шығындалатын су мөлшері.

$$\rho_{\text{шл}} = 2,8 \text{ т/м}^3, \quad \rho_3 = 2,4 \text{ т/м}^3 \text{ -кож пен күлдің тығыздығы.}$$

Қондыру үшін түрі ГРТ-1600/50 төрт сорғы таңдаймыз (2 жұмысшы, 1 жөндеу және 1 резервтік).

Сорғытың сипаттамасы:

өнімділігі	1600 м ³ /сағ
қысымы	50 м
электр қозғалтқыштың қуаты	500 кВт.
айналу саны	725 айн/мин.

Көпіршік сымының диаметрін есептеу.

Көпіршік сымының диаметрі

$$d_{\Pi} = \sqrt{4 \cdot Q_{\Pi} / 3600 \cdot \pi \cdot w_{\Pi} \cdot n} = \sqrt{4 \cdot 2634 / 3600 \cdot 3,14 \cdot 2 \cdot 2} = 0,47 \text{ м}$$

мәндағы: $n = 2$ – көпіршік сымының саны

$Q_{\Pi} = 2634$ -көпіршік шығыны, м³/сағ

$W_{\Pi} = 2$ м/с –көпіршіктің жылдамдылығы.

ГОСТ бойынша көпіршік құбырын таңдаймыз, материалы 16ГС болат
 $d_y = 500$ мм; $D \times S = 630 \times 80$ мм; $d_{\text{вн}} = 470$ мм; ТУ 3-923-75.

1.11 Су дайындау жүйенің кестесін таңдау

Су дайындаудың кестесін таңдау

Жылу электрстанцияда қосымша су дайындаудың химиялық әдісін таңдаймыз. Бұл әдіс бойынша өңделмеген су бірнеше тазалау кезеңдерінен өтеді, қосымша судан мүмкіндігінше барлық қатты тұздар шығарылады, ал жақсы еритін тұздар жартылай шығады.

Тазаланған судың химиялық сілтілігі 7-ге тең болуы мүмкін. Кремний қышқылын шығаруға арналған құрылымдар ең бағалы және күрделі болып табылады. Терең химиялық тұзсыздандыру әдісі сапасы жағынан турбина конденсатына сәйкес келетін су алуға мүмкіндік береді.

Толық химиялық тұзсыздандыру сұлбасы 10-ші суретте келтірілген.

Толық химиялық тұзсыздандыру қондырғысының өндірулігі


$$D_{\text{тхэ}} = a \cdot n \cdot D_{\text{ка}} + D_{\text{аос}} = 0,02 \cdot 5 \cdot 420 + 25 = 67 \text{ т/сағ};$$

Мұнда

$a = 0,02$ бу қазан өндірулігіне сәйкес келетін қосымша судың үлесі;

$n = 5$ ЖЭС-те қондырылған бу қазанының саны;

$D = 25$ т/сағ құрама қуатына сәйкес келетін қосымша су шығысы.



Осв – су тұндырғыш; Н – сорғы; МФ – механикалық фильтр (су сүзгіш); Н₁, ОН₁ – ионит сүзгілердің 1-ші саты; Д – декарбонизатор; Н₂, ОН₂ – ионит сүзгілердің 2-ші саты

10 сурет - Толық химиялық тұзсыздандыру қондырғының кестесі

2 Арнайы сұрақ

Жоғары қысымды қыздырғыштардың қысқаша сипаттамасы

Өскемен ЖЭО-да Т-100-130 турбинасы пайдаланылуда, олар ПВ-425-230-13/ПВ-425-230-23/ПВ-425-230-35 таңбалы үш жоғары қысымды қыздырғышпен қамдалған.

Жоғары қысымды қыздырғыштардың тағайындалуы

Жоғары қысымды қыздырғыштар буды салқындату және конденсациялау арқасында қазан қондырғыларына арналған қорек суды қыздырады. ЖҚҚ-9 31,5 ата қысымды бу құбырының буымен қоректенеді, ЖҚҚ-10 Т-50-130 турбина алымынан, ЖҚҚ-11 Т-100-130 турбина алымынан, ЖҚҚ-12 12А-1 және ЖҚҚ 12А-2 ТСК 16-17 және ТСК 14,15 сәйкесті қоректенеді.

ПВ-425-230-13 қыздырғышының үлгісі үшін белгіленеді: қыздыру беті 425 м² жоғары қысымды қыздырғыш, құбырлық жүйедегі қорек судың максималды қысымы 230 ата, бу кеңістігіндегі есептік қысым 13 ата.

ЖҚҚ техникалық сипаттамалар

ЖҚҚ 9-1 және ЖҚҚ 9-2

1. Қыздырғыштың түріПВ-425-230-35
2. Будың максималды қысымы37 ата
3. Будың есептік температурасы..... 323°С
4. Су бойынша өткізу қабілеті..... 550 т/сағ
5. Гидравликалық кедергі 34,5 м. су. сын.

Т-50-130 турбинасының ЖҚҚ 5,6,7

1. Қыздырғыштың түріПВ-350-230-20/ПВ-350-230-35/ПВ-350-230-49
2. Будың максималды қысымы36/50/50 ата
3. Будың есептік температурасы..... 290/300/300°С
4. Су бойынша өткізу қабілеті..... 375 т/сағ
5. Гидравликалық кедергі 28 м. су. сын.

Т-100-130 турбинасының ЖҚҚ 5,6,7

1. Қыздырғыштың түрі ----- ПВ-425-230-13/ПВ-425-230-23/ПВ-425-230-35
2. Будың максималды қысымы12/22/34 ата
3. Будың есептік температурасы..... 263/338/387°С
4. Су бойынша өткізу қабілеті..... 10,3/24,5/19,05 т/сағ
1. Гидравликалық кедергі 500 т/сағ

ЖҚҚ 12А-1 және ЖҚҚ 12А-2


1. Қыздырғыштың түрі ----- ПВ-425-230-23-3/ПВ-425-230-35-3
2. Будың максималды қысымы25/37 ата
- 3 Будың есептік температурасы..... 530/500°С
4. Гидравликалық кедергі550 т/сағ

Жоғары қысымды қыздырғыштың сипаттамасы

Қыздырғыштардың құрылымы дәнекерленген, олар корпуста және құбырлық жүйеден тұрады (өзек).

Съёмная часть корпуса подогревателя состоит из цилиндрической обечайки, свальцованной из стали марки ст.20к, к нижней части обечайки приварен фланец. В верхнюю часть на оси подогревателя вварен штуцер для подвода греющего пара во встроенный охладитель. На цилиндрической части корпуса расположены штуцера для присоединения водоуказательных приборов и отвода воздуха и конденсата из предыдущего корпуса. С нижней части корпуса отводится конденсат через встроенный охладитель конденсата и выполнен штуцер для отвода воздуха.

Қыздырғыштың корпустың алынатын бөлігі цилиндрлік обечайкадан, ст.20к таңбадағы тұтастай болаттан тұрады, обечайканың төменгі жағына жалғауыш дәнекерленген. Қыздырғыш өсінің жоғарғы жағына ішінара орналасқан салқындатқыштан қыздырылатын будың жетегі үшін штуцер дәнекерленген. Корпустың цилиндрлік бөлігінде



ПВ-425-230-37-1 қыздырғыш түрінің құбырлық жүйесіндегі қорек судың қозғалыс сұлбасы

Жоғары қысымды қыздырғыштардың жылулық есебі

Жылулық есеп үшін бастапқы мәліметтер қалыпты тәртіптегі жылулық сұлбаның есебінен алынады:

- қыздырылатын будың шығысы $D_{п}$, кг/с,

- қыздырылатын будың көрсеткіштері (қысымы, температурасы, энтальпиясы, қонығу температурасы).

-кірісіндегі қыздырылатын ортаның қысымы мен температурасы.

Турбина алымынан қыздырылатын будың көрсеткіші:

-қысымы $p_n=1,3$ МПа;

-температурасы $t_n= 450$ °С;

-энтальпиясы $h_n=3366,8$ кДж/кг;

-қанығу температурасы $t_n=191,5$ °С;

-қыздырылатын будың энтальпиясы $h_k= 814,4$ кДж/кг.\

Қорек судың көрсеткіштері:

-қорек судың шығыны $G_{пв}=130,6$ кг/с;

-кірісіндегі қорек судың қысымы $p_{кc'}= 17,85$ МПа;

-шығысындағы қорек судың шығысы $p_{кc''}= 17,35$ МПа;

-кірісіндегі қорек судың температурасы $t_{кc'}=161,3$ °С;

-шығысындағы қорек судың температурасы $t_{кc''}=190,5$ °С;

-кірісіндегі қорек судың энтальпиясы $h_{кc'}=691,3$ кДж/кг;

-шығысындағы қорек судың энтальпиясы $h_{кc''}= 817,1$ кДж/кг.

Жоғарғы ЖҚҚ дренажы:

-шығыс $D_{др1}= 15,17$ кг/с;

-дренаждың температурасы $t_{др1}=200,5$ °С;

- энтальпиясы $h_{др1}= 852,4$ кДж/кг.

ЖҚҚ дренаж:

-дренаждың температурасы $t_{др2}=172$ °С;

-энтальпиясы $h_{др2}=728$ кДж/кг;

Қыздырғыштың есептік сұлбасы

Жылыту бетіндегі су қозғалысының негізінде есептік сұлба құрылады (сурет. 8.1).

Жылуды сақтаудың коэффициентін $\eta=0,99$ деп қабылдаймыз, сонда қыздырғышқа кететін бу шығысы:

$$D_{пв} = \frac{G_{пв} \cdot (h''_{пв} - h'_{пв}) - D_{др} \cdot (h_{др1} - h_{др2}) \cdot \eta}{(h_n - h_{др2}) \cdot \eta} = \frac{130,6(817,1 - 691,3) - 15,17 \cdot (852,4 - 728) \cdot 0,99}{(3366,8 - 728) \cdot 0,99} = 5,6 \text{ кг/с}$$

Қалған аса қызған будың температурасын қанығу температурасынан 25°C жоғары деп қабылдаймыз :

$$t_{оп} = t_n + 25 = 191,5 + 25 = 216,5 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

Осы температура кезінде бу салқындатқыштың шығысындағы будың энтальпиясы тең болады

$$h_{оп} = 2786 \text{ кДж/кг}.$$


ОП жылулық жүктемесі:

$$Q_{оп} = D_{п} \cdot (h_{п} - h_{оп}) \cdot \eta = 5,6 \cdot (3366,8 - 2786) \cdot 0,99 = 3220 \text{ кВт}$$

СП шығысындағы судың энтальпиясы:

$$h_{e2}^{сп} = h_{пв}'' - Q_{оп} / G_{пв} = 793,1 \text{ кДж/кг}$$

Қорек судың орташа қысымы кезінде осы энтальпиялар ЖҚҚ-та $P_b = 17,6$ МПа сәйкес келеді, температурасы $t_{e2}^{сп} = 185,5^\circ\text{C}$. Қанығу температурасына дейінгі кем жану 5°C құрайды.



8.1 сурет - Қыздырғыштың есептік сұлбасы

Қанығу температурасы кезіндегі конденсаттың энтальпиясы
 $h_k = 814,4$ кДж/кг.

ЖҚҚ шығатын дренаж шығысы:

$$D_{dp2} = D_{II} + D_{dp1} = 20,7 \text{ кг/с}$$

Қыздырғыштың өзінің жылулық жүктемесі:

$$Q_{СП} = D_{II} \cdot (h_{ОП} - h_k) \cdot \eta = 10950,1 \text{ кВт}$$

Қыздырғыштың өзінің кірісіндегі судың энтальпиясы:

$$h_{e1}^{СП} = h_{e2}^{СП} - Q_{СП} / G_{ПВ} = 709,3 \text{ кДж/кг}$$

Дренажды салқындатудың жылулық жүктемесі:

$$Q_{ОД} = [D_{II} \cdot (h_k - h_{dp2}) + D_{dp1} (h_{dp1} - h_{dp2})] \cdot \eta = 2345 \text{ кВт}$$

Қыздырғыштың суммалық жылулық жүктемесі:

$$Q_2 = Q_{ОП} + Q_{СП} + Q_{ОД} = 16429 \text{ кВт}$$

ОП арқылы судың шығысы:

$$G_{ОП} = 24,9 \text{ кг/с}$$

ОП айналымы арқылы судың шығысы:

$$G_{ОП}^{Об} = G_{ПВ} - G_{ОП} = 105,7 \text{ кг/с}$$

Араластырғыш алдындағы ОП арқылы өтетін судың энтальпиясы:

$$h_B^{OG} = h_{e2}^{СП} + Q_{СП} / G_{ПВ} = 918,9 \text{ кДж/кг}$$

Қыздырғыштан кейінгі судың энтальпиясы:

$$h_{ПВ}'' = (G_{ОП} \cdot h_e^{ОП} + G_{ОП}^{Об} \cdot h_{e2}^{СП}) / G_{ПВ} = 817,1 \text{ кДж/кг}$$

Энтальпия берілгенмен сәйкес келеді, ол дегеніміз есептеудің дұрыс жүргізілгенін көрсетеді.

Қыздырғыштың өзінің жылулық есебі

$h_{в1сп}=709,3$ кДж/кг кезінде СП алдындағы судың температурасы құрайды
 $t_{\theta 1}^{СП} = 174$ °С.

Кірісіндегі температуралық тегеурін $\Delta t_{\theta} = t_{\kappa} - t_{\theta 1}^{СП} = 17,5$ °С .

Орташа логарифмдік температуралық тегеурін:

$$\Delta t_{cp} = \frac{\Delta t_{\theta} - \Delta t_{m}}{\ln \frac{\Delta t_{\theta}}{\Delta t_{m}}} = 10,7^{\circ}\text{C}$$

СП-дағы қорек судың орташа температурасы:

$$t_{\theta}^{СП} = (t_{\theta 1}^{СП} + t_{\theta 2}^{СП})/2 = 179,8^{\circ}\text{C}$$

Конденсат қабықшасының температурасы:

$$t_{nl} = (t_n + t_{cm})/2 = 188,6^{\circ}\text{C}$$

Осындай температура кезінде 1.1 кесте бойынша табамыз

$$b = \sqrt[4]{\frac{\rho^2 \cdot \lambda^3 \cdot g}{\mu}} = 370,3$$

СП-дағы будың бір килограммынан бөлінетін жылу:

$$r' = h_{оп} - h_{\kappa} = 1984,4$$

Конденсацияланатын будан қабырғаға жылу беру коэффициенті:

$$\alpha_1 = C \cdot \sqrt[4]{\frac{\rho^2 \cdot \lambda^3 \cdot g}{\mu}} \cdot \sqrt[4]{\frac{r'}{n \cdot d_o \cdot (t_n \cdot t_{cm})}} = 12800,2$$

мұнда C – көлденең құбырлар үшін $C=0,725$ құбырдың орналасуын ескеретін коэффициент.

Болат құбырлар үшін жылу берудің есептік коэффициенті:

$$\alpha_{1p} = 0,8 \cdot \alpha_1 = 10240,1$$

СП-дағы меншікті жылулық ағын:

$$q = \alpha_{1p} \cdot \Delta t_1$$

Қабырға арқылы болатын меншікті жылулық ағын:

$$q = \lambda_{cm} \cdot \Delta t_2 / \delta_{cm}$$

мұнда λ_{cm} – болатқа арналған жылуөткізгіштік коэффициенті,
